

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық кеңесі  
отырысының хаттамасы №3

21 .02.2022 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева  
Хатшысы - Д.Турлибек  
Катысқандар – 10

### Күн тәртібі

**Тақырыбы: «Балабақшада балалардың  
дene бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу».**

**Мақсаты:** балалардың дene бітімін дамыту және денсаулығын нығайту бойынша педагогикалық қызметке талдау жасау, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдарын анықтау, балабақшадағы сауықтыру – шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру.

**Міндеті:** педагогтың жұмысын саралау және тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау және сақтау; аталған мәселенің шешімі бойынша педагогтың кәсіби шығармашылық белсенділігін ынталандыру; педагогтың идеясының банкін жаңа бастамасымен отбасының өзара әрекеті арқылы балаларды сауықтыру жұмысымен толықтыру.

#### Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. Балабақшадағы балалардың дene бітімін дамыту бағытындағы жұмыстың ұйымдастырылуы- К.Джаксибаева
2. Аурудың алдын-алу. 2021-2022 оку жылындағы балалардың ауырып қалуы бойынша талдау.
3. «Мектепке дейінгі ұйымдардың оку- тәрбие үдерісіндегі денсаулық сақтау технологияларының ерекшеліктері» - Ахмадияр А.
4. «Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру» - К.Джаксибаева., Сапарова Г..

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша менгерушісі «Балабақшада балалардың дene бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу»

Дені сау бала - ол, тек отбасының ғана емес барлық қоғамның бақыты мен изгі қуанышы. Ата – аналарға балаларының денсаулығын сақтау үшін, біздің балабақшада сауықтыру - шынықтыру жұмысы басым бағытпен таңдалынып алынған. Әр білім беру мекемесі балалардың денсаулығына толықтай жауап береді. Мектепке дейінгі балалар уақытының көп бөлігін балабақшада педагогтар мен медбикенің қарамағында өткізеді. Ұжым әр баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудың алдын алу жұмыстарын белсенді жүргізіп келеді, баланың психофизикалық дамуындағы міндеттерді шешуге, мектепке дайындау, денсаулық сақтау технологиясын кеңінен қолдануда. Сауықтыру жұмысының тиімділігі - ол білім беру ұйымының үрдісіне тәуелді болады, бала тәрбиесі мен дамуы баланың денсаулығына зиян келтірмеуі керек. Біздің педагогикалық кеңесіміз осы тақырыпты ашады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аурудың алдын-алу. 2021-2022 оку жылындағы балалардың ауырып қалуы бойынша орталық медбикесі талдаумен таныстырды.

Жалпы балалардың денсаулығын қадағалау барысында түрлі жұмыстар жүргізілуде, яғни күнделікті балаларды балабақшада тексеріп қабылдау, таңертенгі жаттығу жұмыстарын жүргізу, ата- аналармен түсіндірмек жұмыстары және ауырып

қалған балаларды емдеу жолдары мен алдын алу шаралары бойынша жұмыстар жүргізілді. Балалардың денсаулығын қадағалау барысында ата- аналармен күнделікті жұмыстар жүргізіліп, нұсқаулықтар беріліп отырылады.

Орталық медбикесі 2021- 2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы ауру түрлері бойынша есеп берді.

Ауырған балалар дер кезінде емдер қабылданап, сауыққаннан кейін балабақшага қабылданды. Ауырған кезінде балаларды күтіп –баптау жөнінде ата-аналарға нұсқаулықтар беріліп, үнемі хабардар болып отырдық. Балабақшага қабылданғаннан кейін ол балалар бақылауға алынып, түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі А.Ахмадияр «Мектепке дейінгі үйымдардың оқу- тәрбие үдерісіндегі денсаулық сақтау технологияларының ерекшеліктері» тақырыбында баяндап берді.

Бүтінгі мектепке дейінгі үйымның мақсаты — мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыту. Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке дейінгі үйымда алған алғашқы қарапайым түсініктері оның болашақ өміріне қажетті, қолданылатын білім болуы тиіс. Бұл мақсатқа мектеп жасына дейінгі бала мен педагог денсаулығын көздейтін оқу-тәрбие процесін үйимдастырудың әдіс- тәсілдерін жинақтаған денсаулық сақтау педагогикалық технологиясы арқылы жете алады. Мұғалім педагогиканың соңғы жаңалықтарын біле отырып, бала, ата-ана, медицина қызметкерлері мен өз әріптестерімен бірлесе отырып, өз жұмысын барлық педагогикалық процестің қатысушылары денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағыттап жоспарлайды.

Денсаулық сақтау технологиясын пайдаланудың қызметтерін кешенді жүзеге асыру оны сауатты үйимдастыра білуге байланысты. Ол педагогтың келесі педагогикалық әрекеттерінен тұрады: диагностика мақсаткерлік, жоспарлау, жобалау, басқару, бақылау, талдаудан тұрады [2].

Денсаулық сақтау технологияларын құрайтын әр түрлі сауықтыру іс-шараларының бала денсаулығына позитивті әсерінің тиімділігі әдіс-тәсілдердің сапасымен емес, оның қаншалықты сауатты жалпы жүйеге кіріктірілгені, бала денсаулығына бағытталғандығы тиімділігімен анықталады.

Денсаулық технологиясы жеке дара болуы мүмкін емес. Керісінше, «денсаулық сақтау технологиясы» ұғымы мектепке дейінгі үйымның бала денсаулығын сақтау, қалыптастыру мен шынықтыруға бағытталған барлық жұмыстарын кірістіреді.

Денсаулық сақтау технологияларын ғылым, өнер ретінде және балаларды келешекте өз балаларын дені сау, бақытты етіп өсіре алуша үлгі болуы үшін оқытыв, тәрбиелеу міндеті ретінде көрсетуге болады.

Тәжірибелік жұмыс балалар арасында бақылау дene шынықтыру сабағында, арнайы өнделген сауықтыру технологиясын қолдана отырып, бақылау жүргізу негізінде болады. Бұған топтағы барлық балалар жәнеа дene шынықтыру нұсқаушысы және тәрбиешілер қатысады.

Тәжірибелік жұмыстың мақсаты – мектепке дейінгі үйымның талабына сай өнделген дene шынықтыру сауықтыру технологиясының мектепке дейінгі жастағы балалардың дene бітімінің дамуына және дene дайындығының көрсеткіштеріне әсерін тексеру.

Тәжірибелік жұмыс 3 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде балаларды бақылау және топтарға бөлу жұмыстары болады. Алғашында бақылау топтардағы мектепке дейінгі балалардың дene бітімінің дамуының деңгейіндегі ерекшеліктерді анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Ал мамыр айының 2–3 апталарында балалардың дene бітімінің жетілу деңгейін анықтауға байланысты жұмыс жасалады. Антропометриялық өлшемдер жүргізу барысында келесі көрсеткіштер анықталады: бойы (өлшеу дәлділігі ±0,5 см); дene салмағы (өлшеу дәлділігі ±50 г); кеуде

куысының шеңбері (ККШ) (өлшеу дәлділігі  $\pm 0,5$  см). Өлшемдер жалпыға белгілі тәсілдермен жүргізіледі.

Тәжірибелік жұмыстың бұл кезеңінде, антропометриялық өлшемдер жүргізілгеннен кейін, бақылау топтардағы балалардың дene бітімінің жетілу көрсеткіштерінің нақты түрде айырмашылығы жоқ екені анықталады.

Сонымен қатар бұл кезеңде бақылау және эксперименталды топтардағы балалардың берілген тестер бойынша дene дайындығын зерттеудің алғашқы жұмыстары жүргізілді. Дене дайындығының анықталуы келесі тізбек бойынша қайталанып отырып, орындалды: координациялық қабілеттілік, шапшандық, күш, икемділік, төзімділік тесттари:

Келесі тестер қолданылады:

- күм салынған қапшықты қашықтыққа (м) оң қолмен лақтыру (салмағы — 200 г);
- күм салынған қапшықты қашықтыққа (м) сол қолмен лақтыру (салмағы — 200 г);
- бір орыннан ұзындыққа секіру (см);
- бір орында отырып, тығыздалған допты ( $m = 1$  кг) екі қолмен бастан асыра лақтыру (см);
- 100 м қашықтыққа жүгіру (с);
- алға-артқа жүгіру 10м x 3 рет (с);
- 5–5,5 жастағы балар үшін 120 м жүгіру (с); 6–6,5 жастағы балар үшін — 150 м жүгіру (с);
- 10 с ішінде отырып тұру (бірнеше рет);
- 3 м қашықтықтан себетке (білдірі = 30 см, диаметрі=50 см) «астынан екі қолдан» тәсілін қолданып допты (диаметр=20 см) 5 рет лақтыру (дәл түсу саны есепке алынады);
- көзді жұмып тұзу жолмен жүру (10м x 30 см) (м);
- қолына гимнастикалық таяқшаны ұстап иық буынын айналдыра қозғау (см);
- отырып, бастапқы орыннан алдыға еңкею (см).

Дене дайындығын анықтау үшін, дene бітімінің (координациялық, шапшандық, жылдамдық- күштілік, икемділік, жалпы төзімділік) жетілу деңгейін анықтайтын, балалардың дene қабілеттілігін, яғни көру-моторикалық координацияның жетіспеуін, кеңістікте бағдарлай білуін, жұмыс қабілеттілігі мен төзімділікті; көз өлшемінің және дene қозғалысын реттеудің бұзылуын; сырттағы белгілерге әсерінің төмен болуын, ескеретін арнайы тестер таңдап алынды.

Тестер нәтижесі бойынша, тәжірибелік-эксперименталды зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде, бақылау және эксперименталды топтардағы балалардың дene дайындығының көрсеткіш деңгейлерінде айырмашылықтың аса көп болмағаны анықталды .

Екінші кезеңде ( оқу жылның тамыз-желтоқсан айлары) топтағы балаларға, ойындарды қолдана отырып, арнайы құрастырылған дene тәрбиесінің сауықтыру технологиясын қолдану іске асырылады, осы жастағы балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, коррекциялық жұмыстар жүргізу барысында ұсыныстар өндөледі.

Құрастырылған денсаулық сақтау технологиясы 5–6 жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, мектепке дейінгі балалардың жетілу ерекшелігін, арнайы коррекциялық- педагогикалық қызметтің ұстанымын ескереді. 5–6 жастағы балаларға арналған дene шынықтыру жаттығулары, бақыланушы балалардың дene бітімі және психоэмоционалдық жағдайын ескере отырып, таңдап алынды; әр түрлі қозғалысқа, қолдың аз мөлшерлі моторикасын жетілдіруге, психикалық әсерден болған бұлшық еттің ширігүйн төмендетуге, дем алу жүйесін жаттықтыруға арналған қозғалыс ойындары таңдап алынады.

Топтағы балалардың дene шынықтыру сабағы құрастырылған технологияға сәйкес ұйымдастырылды, ал бақылау тобындағы балалардың дene шынықтыру процесін толығымен тәрбиешілер ұйымдастырады. Бақылау тобында балалардың дene шынықтыру жұмысының мазмұны еш өзгеріссіз, яғни, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды

тәрбиелу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар балабақшада қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдар және дене шынықтыруға байланысты жұмыстар, дene жүктемесінің бағыты, сипаттамасы және қарқыны талқыланады. Педагогикалық процестің өту барысы (дene шынықтыру нұсқаушысының, тәрбиешілердің көмегімен) міндettі турде қадағаланып отырылады. Балалардың қозғалыс қызметіне негізделуі, дene шынықтыру жаттығуларын орындауға бағыттылығы және белсенділігі, дene тәрбиесі жұмыстарының ұсынылған түрлеріне балалардың әрекеті бағаланады. Дене шынықтыру сабагын өткізуге арналған уақыттың мақсатты түрде қолдануын зерттеу үшін сабактың жалпы көлемі анықталады.

Осы кезеңнің соңында бақылау топтарында, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дene бітімінің дамуы (антропометриялық өлшеулер тәсілімен) және дene дайындығының деңгейлерінің айырмашылықтарын анықтау мақсатында, ұсынылған тестер бойынша зерттеу жұмыстары қайталап өткізіледі.

Тәжірибелік жұмыстың үшінші кезеңінде (оку жылдарының желтоқсан және қантар айлары) зерттеу нәтижелерін өңдеу және талдау жұмыстары іске асырылады, құрастырылған денсаулық сақтау технологиясының тиімділігі бағаланады.

Эксперимент нәтижесі бақылау тобында да, эксперименталды топта да балалардың дene шынығу жағдайының жақсаруы үрдісі бар екенін көрсетті. Сонымен қатар дene бітімі дамуының деңгейіне байланысты (дene салмағы, бойы, кеуде қуысының шенбері) екі топта да айтартлықтай айырмашылықтың болмағанын айта кеткен жөн (3-кесте).

Алайда эксперименталды топтағы балалардың дene дайындығының көрсеткіштерінде айқын жақсы өзгерістер байқалады.

Барлық тестер бойынша, топтағы балалардың координациялық, шапшаңдық және жылдамдық-күштілік қабілеттілігін, жалпы төзімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жақсарғаны байқалады. Бақылау тобындағы балаларда «Құм салынған қапшықты қашықтыққа лақтыру» тестіне байланысты көрсеткіштерінде ғана өзгеріс болады. Бақылау топтарындағы балалардың икемділік көрсеткіштерінде оң динамика байқалады. Кезеңнің соңында топтың балаларында келесі көрсеткіштердің жақсарғаны анық түрде айқындалады: көзді жұмып түзу жолмен жүру 2,3 м дейін ( $p<0,001$ ); 10 с отырып тұру — 1,7 ретке дейін ( $p<0,001$ ); құм салынған қапшықты қашықтыққа оң қолмен лақтыру — 1,6 м ( $p<0,01$ ). Сонымен қатар тәжірибелік жұмыстың соңында екі топтың да нәтижелерінде анық айырмашылықтар айқындалады: «Алдыға еңкею» тесті бойынша ( $p<0,05$ ), «Орнынан ұзындыққа секіру» ( $p<0,05$ ), «Құм салынған қапшықты қашықтыққа лақтыру» ( $p<0,05$ ).

Орындаған жаттығуларды бақылаудың сапалы түрде саралануы балалардың қозғалыс техникасында көптеген қателіктердің болғанын анықтауға мүмкіндік береді. «Көзді жұмып түзу жолмен жүру» тестін орындау кезінде балаларда координацияның бұзылуы, бойды тепе-тен ұстаудың бұзылуы, катарласқан еріксіз қымылдардың- синкинезияның (қолмен сермеудің) болуы байқалады.

Кешенді координациялық жаттығулардың орындалуын балаларға бір көрсеткеннен қайталай алмауы қындық тудырады. Бұл балалардың көру-моторикалық координациясының нашар болғандығынан, кинестетикалық сезімталдықтың төмен болуынан қымылдарды тез арада қабылдай алмайтындығын дәлелдейді. Алайда дұрыс нұсқаны бірнеше рет қайталағаннан кейін балалар қозғалысты баяу түрде орындаиды. Допты нысанаға лақтырғанда балалардың көпшілігінің қозғалысында көздеу элементі «түсіп қалады» немесе, керісінше, барлық күш соған жұмсалады. Сонымен қатар балаларға бұлшық ет күшін мөлшерлеу қынға соғады, сондықтан оларда нысанаға доптың дәл тиу мүмкіндігі төмен болады.

Жылдамдыққа жүгірген кезде балалардың көбі тура жолмен жүгіруді және жүгіру ырғактығын дұрыс сақтамайды. Алға-артқа жүгіру және 10 с ішінде отырып тұру тапсырмалары кезінде синкинезия байқалады.

Балалардың күрделі қозғалыстарды орындау кезінде техниканың барлық элементтерінда дұрыс орындалмау болады. Орнынан ұзындыққа секіргенде балалар бастапқы қалыпты дұрыс қабылдамайды, серпілуді екі аяқпен орындалмайды, қолдарын анық сермелейді; қозғалыс кезінде дене, қол және аяқтың техникаға сай қимылдары байқалмады; секіргеннен кейін жерге түскенде балалар дененің тепе- тендігін ұстай алмайды, ал кейбір балалар тізелеріне түседі. Құм салынған қашықтықта лақтыру кезіндегі қателіктердің бірі қашықты дұрыс бағыттамау және лактыруды дұрыс орындалмауы болады.

Осылайша, дene бітімі дамуының (дene салмағы, бойы, кеуде қуысының шенбері) көрсеткіштері бойынша, тәжірибелік жұмыстың соңында, бақылау тобының балалары арасында айтарлықтай айырмашылық болмайды. Алайда, барлық тексеріліп жатқан көрсеткіштер бойынша, екі топта да жақсы өзгерістер байқалады. Топтың балаларында дene дайындығы деңгейінің көрсеткіштері бойынша он өзгерістер болады, яғни құрастырылған деңсаулық сақтау технологиясы әсерінен 5–6 жастағы балалардың дene дайындығында жақсару үрдісі болатыны анық.

Балалардың жетілу ерекшеліктерін айқындау дene тәрбиесінің нақты тәсілдерін қолдануға бағыттайды, оларды коррекциялық мақсатта пайдалану қажет. Ол келесі тәсілдер:

- 1) баланың дene бітімінің кешенді дамуына байланысты қолданылатын ойындық дene шынықтыру сабактары;
- 2) тіл дамыту және қозғалыс координациясын жетілдіру, артикулярлы аппарат пен ұсақ моториканың бұлшық етін жаттықтыру, логоритмика элементтерін қолдана отырып, балалардың сөйлеу қабілетін нығайту;
- 3) дene шынықтыру сабактарының сюжеттік түрлері, олар мектепке дейінгі балалардың дene шынықтыру сабағына деген қызығушылығын арттыру үшін ұсынылады. Сонымен қатар дene шынықтыру сабағының ұзақтығын 20–25 мин дейін қысқарту қажет.

Сабактарды өткізу жиілігі — аптасына 3 рет. Сабактың мұндай түрі дene шынықтыру сабағының және қимыл- қозғалыстың тығыз болуына мүмкіндік береді.

Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша «Балабақшадағы балалардың қимыл- қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері мен ойындарды ұйымдастыруға ұсыныс» тақырыбы бойынша «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.Сапарова өз тәжірибесімен бөлісті.

#### **Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері.**

Ойын - маңызды іс. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмысалуы керек, өйткені ойын баланы дамытады. Ойын адам жолын ынтымақтығымен бірге, оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай - қайсысы болсада баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті, т.б. толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Қызығу - танымдық іс - әрекеттің қозғауышы күші. Баланың қызығуы жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенімі артады, кіслігі қалыптастып, дара тұлғалық сипаттарға ие болады.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалар зор ынтымен тыңдал, берік мәңгеруіне көмектеседі. Өйткені балалардың аңсары сабактан гөрі ойынға ауынқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындаітын болады. Ойындар барлық топтарда қолданылады. Эр қашан да тәрбиеші ойынға койылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орынданап отыруы тиіс:

- 1.Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, онтайлы жерге қойылуы керек
- 2.Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

3. Ойынға сиңиптағы балалардың түгел қатысуын қамтамасызетуі керек.  
4. Ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойланғанда жетелеуі керек.  
Тәрбиешілер мен балалардың ойын мен тәжірибе сабактарына қызығушылығы балалар үшін әсерлі де тартымды ойын тәсілі болса, бала үшін бұл оку үрдісін түрлендіру. Ойын түрінде өтегін сабактар балаларды бала-бакшадан шыққаннан кейінгі өмірге дайындауды. Олар үшін тек қандай да бір жағдайда не істеу керектігін жаттап, есіне сақтаудан гөрі іс жүзінде көріп, өзін рөлге қойып, шешім қабылдау әлдеқайда қызық.  
Педагогика ғылымында ойын әрекетінің оку үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Себебі ойын - оку, еңбек іс - әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. "Ойын" ұғымына түсінкітеме берсек - бұл адамның мінез - құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибелі қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс - әрекеттің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- Ойын сауық;
- Коммуникативтік немесе қарым - қатынастық;
- Диагностикалық (ойын барысында өзін - өзі тану);
- Коррекциялық (өзін - өзі түзету);
- Әлеуметтендіру.

Әлі де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алғыш, дамиды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санағып, бір - біріне деген сенімділігін арттырады.

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде қимыл-қозғалыс ойыны. Ойынның негізін-әртүрлі қимыл-қозғалыс әрекеттері шығармашылықпен құрылыш, дәлелді мазмұны, тақырыбы, идеясы бар, ережелері, көбінесе қарапайым ойындар құрайды.

Қимыл-қозғалыс ойындары – мектепке дейінгі жастағы баланың сүйікті де пайдалы іс-әрекетінің бірі болып табылады. Ойын адам ағзасының жұмыс істеу қабілетін арттырады. Көңіл-күйін сергітіп, тамаққа тәбетін ашады, еңбекке құлшынысын қүштейтеді.

Ойын ежелден келе жатқан адам өмірінің маңызды бөлігі екені сөзсіз. «Бала ойынмен өседі» - демекші, қимыл-қозғалыс ойындарының бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Ол – сандаган үрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге әзірлеу қажетін өтеген, сыннан өткен сенімді тәрбие құралы. Ойын жігерлікке, шыдамдылыққа және ұйымшыл болуға тәрбиелейді. Сондай-ақ тез арада ойлау қабілеттерін дамытады.

Қимыл-қозғалыс ойындары спорт ойындарынан айырмашылығы ешбір арнайы құрал-жабдықты, өткізетін орынды және уақыт регламентін талғамайды.

Осы ойындар ішінен қысқы ойындарға тоқталып кетсек. Қысқы күндері қар үстінде, айданда, мұз және қар жал төбелерінде көптеген қызықты ойындар ұйымдастыруға болады.

Қыс кезінде ауа-райы ауыспалы келеді. Жылды кезде қар жабысқақ болады. Осы күндері балалар қардан қалашық, қорған, аққала жасайды. Ал егер қарды мұз басып қалса, онда шанамен және конъкимен көптеген ойын түрлерін өткізуге болады. Қысқы ойындары желсіз күні, ауа-райының көрсеткіші минус 10 градусқа дейін мөлшерді көрсеткен кезде жүргізілу қажет. Ойыншылардың киімдері жылы әрі қозғалуға ыңғайлыш болуы керек.

### **3 жастағы балаларға арналған қимылдық ойындарды ұйымдастыруға ұсыныс.**

Сәбілердің бірінші тобында қимылды ойындарды күн сайын өткізу ұсынылады. Олардың ұзақтығы орта мөлшермен 6-8 минуттан аз болуы тиіс. Ол ойын әрекеттері сипатына, ойнайтындардың санына, олардың көңіл күйіне, ойынды өткізу шарттарына байланысты. Қимылды ойындарды серуен кезінде таза ауада өткізген анағұрлым тиімді. Әрбір баланың тәрбиеші ұйымдастырған қимылды ойынға күні бойы қатысқаны жақсы. Ойын бүкіл топ болып та, шағын топтармен де өткізіледі. Ойындарды серуеннің әр кезінде өткізуге

болады. Егер бүкіл топ қатысса, онда балалар серуен жасап келгеннен кейін біраз уақыт өткен соң немесе оның басында ұйымдастыру тиімді. Балалардың шағын тобымен және жеке-дара өткізілетін ойындарды тәрбиеші бүкіл серуен бойына жүргізеді. Мұнда тәрбиешінің бір немесе бірнеше баламен ұйымдастырған ойыны бүкіл топ ойынына өте жиі айналып отыратынын естен шығармау керек, өйткені үш жасқа аяқ басқан балалар колективті қимылдық әрекеттерге белсенді араласып кетеді.

Бұл жастағы топта ойындық жаттығулар үлкен орын алады. Мұндай ойындарда сюжет болмайды, бұл ойындарға қарапайым қимыл жасалатын тапсырмалар кірістіріледі: жалаушаны әкелу, қоңырауды соғу, допты қуып жету т.б.

Мұндай ойындардағы балалар қимылтының сюжеттері, мазмұны, әуені бүтіндей тәрбиешінің ойдан шығаруы мен творчествосына байланысты. Сабактарда үрленген ойын қимылдарын қайталау олардың жетіле түсін қамтамасыз етеді. Ойын жақсы өткізілуі үшін, тәрбиеші оның өтілуіне ұқыпты түрде дайындалуы қажет және ойынның мазмұнын, барысын, жетектеуші сөздерді жақсы білуге тиіс.

Тәрбиешіге ойынға басшылық етуді ондағы жауапты рольді орындау мен жиі үштастыруға тұра келеді, өйткені 2-3 жастағы балалар бұл міндеттерді жақсы орындаپ шыға алмайды. Тәрбиеші ойынға қатыса отырып, дұрыс қимылдардың үлгісін көрсетуі, ойынның ойналу барысын айтып отыруы өте маңызды.

Ойынды тәрбиешінің түсіндіруі – ойын барысына ықпал ететін жауапты кез.

Балдылғандарға ойынды эмоциялы, түсінікті, әрбір кейіпкердің өзіне тән белгілерін дауыс екпінімен баса көрсете түсіндіруі керек.

«Мысық пен тышқан», «Аю мен аралар», «Сиыр мен шөп», т.б. қимыл қозғалыс ойындары ойналады.

#### **4 жастағы балаларға арналған қимылдық ойындарды ұйымдастыруға ұсыныс.**

Қимылды ойындарды үнемі қайталап отыру қажетті дағыларды жетілдіруге және нығайта түсуге, ұжымды ойындардағы қозғалыстың оңай да еркін болуын жетілдіруге, ойын жағдайларындағы жақсы бағыттылыққа, басқа ойыншылардың әрекетіне жауап ретінде тез және ойлы түрде әрекет ете білуге көмектеседі. Ойынның ережелерін қайталап орындау, бұл сәбілердің екінші тобынан бастап, ерекше маңызды, баланың ойлау қабілетінің жетілуіне, оның ерік қасиеттерін тәрбиелеуге көмектеседі. Егер қайталау кезінде ойынның түрі біраз өзгеріліп, курделендіріліп отырылса, қимылды ойындардың тәрбиелік және танымдық жағы күшіне түседі.

Балалардың белсенділігіне түрткі бола отырып, тәрбиеші олардан басты рольді кімнің ойнағысы келетінін сүрайды. Тәрбиеші жетекшілік еткісі келгендерді көтермелей отырып, балаларды рольге тағайындаудағы кезектілікті сақтауға тырысады. Сабырлы, ұялшашақ балаларды белсендіреді, рольді орындауға көмектеседі. Тәрбиешінің қимылды ойынға тікелей қатысуы ойынның эмоциялылығын күштейтеді, тәрбиеші мен балалар арасында достық байланыстың орнауына және балалардың ұжымдық өзара қарым-қатынасын нығайтуға ықпал етеді.

«Жыланша ирленде», «Қоян мен қасқыр», т.б. қимыл-қозғалыс ойындары ойналады.

#### **5 жастағы балаларға арналған қимылдық ойындарды ұйымдастыруға ұсыныс.**

Ортаңғы топ үшін қимылды ойындардың бірқатарының сюжеті мен рольдік образы болмайды. Бұл ойындар белгілі нәтижеге жетуге бағытталған баланың жеке іс-әрекетін қарастырады. Мұндай ойындардың шарты әдетте, қимылды орындау тәсілін анықтайды, бұларға қимылдың орындалу сапасын көтере түсептін жарыстардың элементін енгізуге болады. Тәрбиеші құралдарды, материалдарды дайындауға балаларды кеңінен қатыстырады. Тәрбиеші ойынға әзірлік жасау жөніндегі міндеттерді балалардың бәріне тең бөледі.

Ортаңғы топта жүргізушінің ролін тәрбиеші тек анда-санда ғана орындаиды. Жыл бойына ол балалардың бәрін жүргізу болуға үйретеді. Балаларды жүргізушінің орнына қоя отырып, тәрбиеші әр баланың ерекшелігін ескеріп отырады.

Тәрбиеші тактілі түрде балалардың пікірлерін бағыттап отырады, олардың дұрыс немесе бұрыстығын түсіндіреді, шағынуы мен даңдайсуышылығын баса айтады, өз күштеріне сенімсіздерді көтермелейді. Тәрбиешінің назары жаңа бұындардың санын көбейте беруге емес, қайта бұрыннан таныс ойындарды қайталу мен күрделілендіруге бағытталуы керек. Балалар олармен жүргізлген ойындарды игеру және ұнатуы, жыл аяғында ең болмаса бірқатарының оларды құрдастарының шағын топтарымен өз бетінше білетіндей болуы керек.

Тәрбиеші балалармен бір түрлі ойынды 2-3 сабакта қайталайды. Содан соң біраз уақыттан кейін оған қайта оралады. Қайталаган кезде ойынның мазмұны мен ережелерін күрделендіруге, балаларды ұйымдастыру формасының түрін өзгертуге болады.

Эстафета элементтері бар қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады: «Кегілдерді құлату», «Кім жылдам?», «Кедергілерден секіріп өт», т.б.

К.Б.Куланова мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері және балабақшада ойналатын балаларға арналған қимылды ойындар топтамаларына тоқталды.

Қимылды ойындар балалардың өздерінің білімдері мен ептіліктерін ойындардың құбылмалы жағдайларында нақтылы қимылдық тапсырмаларды орындау үшін қолдануына мүмкіндік береді. Қимылды ойындар шартын орындаудың міндеттілігі балаларды тәртіптендіреді, еркінділікке тәрбиелейді. Ойын мақсатына жету үшін қимыл тәсілдерін өз бетінше таңдап ала білуді қажеттілігі өзіндіктің, инициативаның, жеке басының және басқа сапаларының қалыптасуына жағдай жасайды. Қимылды ойындарда тәрбиешінің балалармен араласуға кең мүмкіншілігі бар. Тәрбиеші ойынның мазмұнын, оның шартын әңгімелейді. Балалар жаңа сөздердің мәнін біледі. Сөзге белсене араласу, сондай-ақ тексті және әнді айта жүріп ойнауларын қалыптастырады.

Белгілі бір сюжеті және белгіленген шарты бар қимылды ойындар анағұрлым күрделірек болады. Мұнда ойнаушылардың шығармашылық әрекеттері орындастырын рөльдеріне («Ақку-қаздар», «Соқыр теке», және басқа) байланысты болады. Шығармашылық рольдік қимылды ойындардың шарты балалардың ойын кезіндегі мінезд-құлықтарын реттейді, ойындардың өзінің жүргізілу барысын нақтылайды.

Өзге ойындарда бекітілген сюжет болмайды. Олар ойыншылардың әлдебір нақтылы қимылдық тапсырмаларды («Маған қуып жетіндер», «Шағынқақпаға қарай» және басқа), әлдебір заттарды әрекеттерді (кегельдер, серсо, классы, бабки, шығыршық лактыру), орындауларына негізделген.

Қимылды ойындар бала денесінің жан-жақты дамуына ықпал еткенмен, бағдарламада олар негізгі қимыл түрлері бойынша жүйеленеді: жүру, жүгіру, еңбектеу және өрмелеу; секектену және секірулер; лактыру және қағылшылу алу, сондай-ақ кеңістіктегі бағдарлау ойындары. Бұлайша болу педагогикалық міндеттерге сай жүктелетін ойындарды тәрбиешінің ірікten алудын жеңілдетеді.

Ойындарды жоғары, орташа және аз қимылдылар деп бөлінеді. Қозғалғыштық дәрежесі баланың ойындағы қозғалыс интенсивтілігімен және оның белсенділігі мен, сондай-ақ ойында белсенді әрекет жасаушы балалардың санасына қарай анықталады.

### **Балабақшада ойналатын балаларға арналған қимылды ойындар топтамасы**

#### **Өз үйінді тап**

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші түрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде -ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

### **Жүгіріп қағып ал.**

Балалар ойын алаңында еркін түрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-карсы түрады. (қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алыш: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріндер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып түрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

### **Күстүң қауырсыны кімге барады.**

Балалар ойын алаңында еркін түрады. Тәрбиеші құстүң қауырсынын алыш, үрлейді.

Барлық бала жан — жаққа қаша жүгіреді, ойын жалғасады.

### **Жалауга қарай жүгір**

Балалар тәрбиешіге қарама-карсы түрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргендे балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталаған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

### **Шарды ұста**

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып таставайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала женімпаз атанады, 10-15 сек. Ойын жалғасады.

### **Күн мен жаңбыр**

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктеге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

### **Ұшақтар**

Балаларды ойын алаңына еркін түрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар үшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып үшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

### **Автобус**

Балалар қатарға бір-бірден түрады. Тәрбиеші автобус жүргізуісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ен әуелі баяу кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуі автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

### **«Балықшы мен балық» ойыны**

Ойыншылар арасынан бір жетекші алышып балықшы болып сайланады, ал қалған ойыншылар балық болады. Белгі берілісімен балықшы балықтарды ұсташа керк болса, ал балықтар керісінше ұстаптай қашу керек. Ойын барысында ұсталған ойыншылар балықшыға қосылып қол ұстасып тор құрады. Осылайша сонғы ойыншы қалғанша барлығы тізбектесіп тор құрып балықшыға айналады. Соңынан қалған ойыншы жетекші болып ойынды қайта бастайды.

### **Аңшылар мен қояндар**

Балалар екі топқа бөлінеді. Аңшылардың саны қояндардан екі есе кем болуы керек. Алан ортасынан екі шенбер сыйылады. Сол шенбердің ішіне қояндар орналасады. Шенбер шетінде түрған аңшылар қояндардың «інін» аяқпен тықырлатып, жерді тепкілейді. Сол кезде қояндар бірінші шенберден екінші шенберге қашады. Сол аралықта аңшылар қояндарды доппен атқылайды. Қояндар біткенше ойын осылай жалғасады. Ұсталған қоян аңшылар қатарына қосылады.

## **«Күн мен тұн» ойыны**

Алаң ортасының арасы 1м болатын 2 параллель сзыық сзыылады. Ойыншы екі топқа бөлінеді де, осы сзыықтың бойына екі жаққа қарап қатарға тұрады. Осыдан кейін бұл екі сзыықтан екі жаққа қарай 20м жерден бір-бір сзыық сзыылады. Бұл сзыықтар әр команданың көмбесі болып есептеледі. Ойын жүргізушінің нұсқауымен екі команданың біреуі-«күн», екінші «тұн» болып аталады. Ойын жүргізуі екі командаға бірдей жаттығулар орындағылады: орындарында түзу тұру, отырып-тұру, қолдарын жоғары көтеру, қолдарын белдеріне қою, қолдарын желкелеріне қою, жүресінен отыру, сол аяқпен отырып, оң аяқты жаңға созу немесе оң аяққа отыру. Осылайш, әртүрлі жаттығуларды орындаға отырып, күтпеген жерден «Күн» дейді. Осы кезде аты аталған команда ойыншылары өз көмбесіне қарай жүгіреді. Екінші команданың ойыншылары оларды құып жетіп ұстаса, қарсыласын қолынан жетектеп, сөреге алып келеді. Ойыносылай қайталана береді.

## **Тышқан мен мысық**

Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, үйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене түрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды құып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстаса үшін шапшандық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

## **Тұлкі мен балапандар**

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «тұлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердеке кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар тұлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

Керекті құралдар: тұлкінің мен балапандардың бет перделері.

## **Боран**

Бұл үлкен кең залда болады. Бұл ойынға қажетті заттар «боран» киімі (ақ түсті беп перде, гимнастикалық қабырға болуы тиіс).

Ойын шарты: ойынға 8-10 бала қатыса алады. Бір баланы боран киімін кигізіп, қалған балалар боран алып кетпеуі үшін, Боран у-у-у деп келе қалғанда гимнастикалық қабарғаға өрмелеп шығуы керек. Боран соғып балаларды бір айналып өтеді. Ұсталып қалған баланы, боран алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанып ойналады. КҚұралдар: Боран киімі ақ матадан тігілген жамылғы бептерде.

## **Үйқыдағы аю**

Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.

Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп лорындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуенде келе жатып, үйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызуып қояды. Ойын қайта жалғаса берекді.

Керекті құраладар: Аю бетпердесі.

## **Алақан соқпак**

Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сұлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шенбер ішін айнала жүріп біреуге – Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сұлгіні тигізіп-Сұлгі қайда?-деп сұрайды. Сонда ойыншы «канада» -деп бір баланың атын атайды. Акты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сұлгі қайда?-деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.

## **Қара құлак**

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар онаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі. Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!-деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қарақұлақ, кара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстай үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

### **Допты қуып жет**

Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауага, тез жүгіргі, түсетеңін көлемін ажыратып баулу.

Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді. »Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

Керекті құралдар: тұрлі-тұсті, үлкен-кішілі доптар.

### **Куыр-куыр қуырмаш.**

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапши, -дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасыруышың ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жаксы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді.: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шұмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйене бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Куыр-куыр, қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайты. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде кой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде тұлқі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін тұртіп ең соңында мына жерде күлкі бар – деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайты

### **Үш табан**

Бұл ойынды үш-төрт баладан топтап екі-үш жерде үйымдастыруға болады. Ойын шарты бойынша әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. (Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп) Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз аландарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) «ұшуға» кіріседі. Ұшу дегеніміз-көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру. Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атуға жолдама алады. Осылай болмаған жағдайда асқ ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасады. Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде

қалған ойыншыға кезек тиеді. Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегендे үш табан артық қашықтыкка ұшырған ойыншыны қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді. Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі бәсекелесіне кезек беруіне мәжбүр болады. Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалады. Сөйтіп айналасы еki-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық (финал) сайысқа туседі. Бұл шешуші жарыса бірінші, және екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.

### **Санамақ**

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысуышы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір текстес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10 ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

### **Белбеу соқ**

Ойыншылар еki-екіден жүптасып, шенбер жасап тұрады. Бір ойыншы белбеуді алып, екіншісін қууға тиіс. Қашқан шенбер жасап тұрған бір жүптың алдына келіп тұрған кезде, артық қалған үшінші ойыншы шенберді айнала қашады. Егер құғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жүптың алдына келіп үлгерсе, оның орнын келесі ойыншы басады.

### **Орын тап.**

Еki жүп арқасын түйістіріп қойған еki орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен билейді. Музыка кілт тоқтағанда, тұрған еki орындыққа отырып үлгеруі керек, орын алмай бос қалған еki адам айып төлейді, ән салу, би билеу, жұмбақ, жаңылтпаштар кайту Балабақша әдіскері М.А. Сазанбаева «Балалардың өз беттерімен жасайтын қимыл-қозғалыс ойындары және қимыл әрекеттеріне басшылық ету» тақырыбында айтып өтті. Мектеп жасына дейінгі балалар сан алуан өмірлік жағдайларда сансыз көп қимылдарды жасайды, ол қимылдар оның моторикасын және күш-қайратын дамытуға мүмкіндік береді.

Қимыл-қозғалыс ойындарының дер кезінде және дene дамуын қамтамасыз ету үшін, бәрінен бұрын ең алдымен қолайлы жағдайлар жасау қажет. Алдымен ойындар өткізілетін бөлмеде балалардың қимылдық әрекеттеріне қажетті жағдай жасау: жиназдар, құрал-жабдықтарды сәйкесті орналастырып, орын босату, балалардың қимыл-қозғалысын, қимыл белсенділігін арттыратын әр түрлі ойыншықтар мен заттарды еркін пайдаланып ойнауға мүмкіндік беру.

Құрал-жабдықтарды балалардың қимылдық белсенділігін арттыруға пайдаласын тигізетіндей етіп орналастырган жөн. Қимыл-қозғалыс ойындарында және қимылдық әрекеттерде құралдарды пайдалануда балалар ықыласын үнемі қолдана отыру өте маңызды. Сондықтан барлық қажетті құралдарды әрқашанда қолданып отыру керек. Әрқашанда қимыл-қозғалыс ойыны балаларды жалықтырмайды, керісінше, олардың көңіл-күйлері көтерінкі болады.

Өз беттерімен ойналатын орындарында балалардың қимылдық әрекеттеріне басшылық ету үшін, әр сәт барлық балалардың немен шұғылданып жатқанын көре білу қажет, қажет болған жағдайда оларды басқа бір әрекеттер істеуге ауыстырыған жөн.

Еркін әрекет жасауға педагогикалық басшылықты жүзеге асыра отырып, баланың ықыласына сергектікпен қараган, оның ойындық негізгі мақсаттың дамуына кедергі жасамауға тырысқан жөн.

Бірақ педагог балалардың іс-әрекеттеріне үнемі кірісіп отыруға тиіс деп ойламау керек. Бала өзінің әрбір қолынан келетін жаңа қимылдарды жасауға қабілеті мен мүмкіндігінің барын басынан кешіреді. Мектеп жасына дейінгі балалардың өз беттерімен жасайтын қимылды іс-әрекетін өрістете тұсу үшін секіргіштер, шығыршықтар, доптар, құрсаулар, серсо, т.б. жеткілікті болуы керек. Бұл заттармен жаттығуға және балалар жолдастарына ойынның басқа түрімен айналысуға кедергі жасамау үшін арнаулы орындар болінеді.

Балалардың өз беттерімен орындағытын «с-әрекеттінде қолданылатын қозғалыстары одан әрі айтарлықтай жан-жақты бола бастайды және күрделене түседі: ұстап алу және бұлтарыс жасайтын жүгіріс, лақтыру, биіктікке көтерілу, секіру сияқты қымылдар кірістіріледі.

Тәрбиеші балалардың ойындар үшін немесе әр түрлі жаттығулар мен спорттық ойындардың элементтерін (баскетбол, футбол, бадминтон) таңдағанда оларға берілген қимыл тапсырмаларын орындау үшін шағын топтарға бөлінуін қолдап отырады.

Балалар күнделікті серуен кезінде өз беттерімен жасайтын қымылдарында спорттық жаттығулардан алған шеберлік пен дағдыларын бірте-бірте кең қолдана бастайды.

Велосипедпен жүрген кезде балалар ойын үстінде өздігінен көшеде жүру ережелерін сақтап үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өз беттерімен жасайтын әрекеттері бір-бірінен ерекшеленбеуі керек. Олардың барлығына да әр түрлі дене шынықтыру жаттығулары мен ойындарының бәрі пайдалы.

Ұлттық ойындармен мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекеттін дамыту.

Ұлт ойындары – интернационалдық тәрбиенің құралы. Олай дейтініміз ұлтойындарының арасында өзара үндестік, тығыз байланыс бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

Ұлт ойындары балалардың іс - әрекеттерінің мазмұнын байытып, нақтылаудың нәтижесінде балалардың белсенділігін жетілдіріп, жұмыс қабілеттерін жақсартады, түрлі қындықтар мен кедергілерді еркін игеруге мүмкіндік туғызады.

Бала бала-бақша қабырғасында, бала-бақшадан тыс ұйымдарда ұжым арқылы білім айғағынан, ол әрдайым өз алдында дербес түлға арқылы іске асқанымен, ойынға қатынасқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Бала белсенділігі негізінен екі түрлі: сыртқы және ішкі белсенділіктен тұрады. Сыртқы белсенділігі көбінесе ойын арқылы, қимыл, қозғалысы, әсіресе өмірлік әрекеттіне байланысты болып келеді. Баланың ішкі белсенділігіне оның ойлау әрекетіндегі белсенділігі жатады.

Баланың ішкі, сыртқы белсенділігін бөле - жара, бір - бірінен ажырата қарауға болмайтыны байқалады. Нактылап айтсак, баланың ойы, қабылдауы, дағдысы ең сақ, баланың ойы, қабылдайы, дағдысы ең алдымен сырттан болатын әсерлердің негізінде ішкі әсерлерді туғызып, қабылдау белсенділігін арттырады. Егер сыртқы әсер солғын болса, ішкі әсердің де солғын болары сөзсіз. Сондықтан А. С. Макаренканың бала ойында кандай болса, өмірде де сондай болады, үлкендірдің жұмыстағы қоғамдық өмірдегі қызметкерлігі, қайраткершілігі баланың ойынымен тең деген пікірін мындықтан алшақ деп түсіну киын. Ұлт ойындарымен бойында бүгінгі жас ұрпақтың бойына дарытарлық ұлттық жағымды қасиеттері үшан - теңіз, соның бәрі әлеуметтік педагогикалық талаптарды үнемі шындалап, қоғам талаптарына сай жастарды тәрбиелену ісіне қосар үлесі мол екені даусыз.

### Қаулы етті:

1. Орталықтағы балалардың дене бітімін дамыту бағытындағы жұмыстың ұйымдастырылуы жандандырылсын.
2. Медбике жұмысын жақсарту, ата- аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу, таратпалар тарату жолға қойылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында келесі жұмыстарды жүргізу жолға қойылсын:
  - ұйқыдан түрған мезгілде ылғалды ысқылау әдісін қолдану;
  - құмнан жасалған қашық арқылы жүргізу;
  - сулы орамал үстімен жүру;
  - спорттық инвентарларды толық пайдалану;
  - әрбір топта құм терапиясын бұрышын жасау.
4. Сергіту сәті кезінде классикалық музыканы тынданаты білу.

5. Қосымша құралдарды жасау, іске асыру орталық медбикесіне және тәрбиешілер мен музика жетекшісіне жүктелсін.
6. Жұмыстың орындалуын бақылап қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы

Хатшысы

К.Джаксибаева

Г.Сапарова

